

## **Қаракемер мектеп-балабақшасының 2022-2023 оқу жылында 5-сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық талдауы**

**2022-2023** оқу жылының қорытынды есебі бойынша сыныпта 7 оқушы, 2 ұл және 5 қыз. Жылдың аяғында Жасұланқызы Аяжан Ойыл ауданы Ж. Жұсібалиев атындағы мектепке ауысты. Себебі ата-анасының жұмыс бабымен жер ауыстыруы болып табылды. Сыныптың әлеуметтік құрамы орташа. Материалдық жағынан жеткілікті қамтылған. 1 үздік оқушы(Бахитов Ералы), 3 екпінді, 3 қанағаттанарлық деңгейімен оқу жылын аяқтады.

**Көп балалы отбасы ретінде:** 7(Бахитов Ералы, Серікқалиқызы Жангүл, Санатқызы Арайлым, Серікбаева Құндызы, Серікбаева Жанбота, Кенжебаев Нұртіле, Нұрлықанқызы Жұлдызай)

**Тәрбие бағытындағы жұмыстар бойынша: 1-Қыркүйек «Білім күніне» орай өткізілген іс-шара туралы**

**Мақсаты:** 2022 жылғы қыркүйектің 1-і күні «Білім күніне» арналған «Рухани жаңғыру; болашаққа бағдар» бағдарламасын насиҳаттау мақсатында салтанатты жиын өтті. Ис-шара барысында 1-қыркүйек Білім күніне орай «**Сыңғырла, сынғырла қоңырау**» атты салтанатты жиын өткізілді. Мектепте «**Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық**» тақырыбы аясында сынып сағаттарын өткіздік.

**«Қазақстан тілдер күні» мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырылды.**

5-16 қыркүйек аралығында жоспар құрылыш хабарландыру ілінді. Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай қабырға газеттері ілініп таныстырылды. Оқушылар өз белсенділіктерін көрсетті **Негізгі іс-шараның мақсаты** : -Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.

Қазан айы бойынша “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ” тақырыбында тәрбие сағаты өтті, оқушылар ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, жемқорлық туралы ақпарат алды.



Қараша айында “Отбасы тәрбие бастауы” атты тәрбие сағатын және Желтоқсан айлары бойынша “Тәуелсіз ел тірегі” атты тәуелсіздікке байланысты ауқымды ашық сабак өтті.



Және оқушылар желтоқсан айында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер үйімінің қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті.

**Мақсаты:** оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. «Жас Ұлан» үйімінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау.

Қаңтар айында “Төрлет құтты Жаңа жыл” атты мектепішілік іс шара өтті, оқушылар өз өнерлерімен ортаға шығып, берілген ертегіні алып шықты. Басқа сынып оқушыларына ұнады.

Ақпан айында “Дені сау ұрпақ ел болашағы” тәрбие сағаты өтті.

Оқушылардың денсаулығының рөлін және жеткіншек буыннан жасөспірімдік буынға өтудегі кейбір өзгерістерді мектеп медбикесі Шотанова Шынар апай баяндама арқылы оқыды. 1 Наурыз алғыс айту күніне байланысты оқушылар мектептегі мұғалімдерге өз алғысын білдіру арқылы видеоролик түсірді. Жылы лебіздерін білдіріп құттықтады.



Наурыз айында мектепішілік “Нұр себеле Ұлыстың ұлы күні” атты мереке өтті. Оқушылар көже асып, ұлттық ойындар ойнап, қазақтың салт-дәстүрлерін көрсетіп, өз өнерлерін ортаға салды.



Сәуір және мамыр айларында “Фарышкерлер күні, Талғат Бегилденовтың 100 жылдығы” сонымен қатар “Ұшқыны ұлы Жеңістің” атты сынып сағаттары өтті.

Оқушылар соғыс кезіндегі кейбір тың мәліметтермен танысып, соғысқа байланысты кітаптарды оқыды.



Сонымен қатар оқушылар сыныптан тыс, қоғамдық жұмыстарға да өте белсенді болды, Өз алдарына жетістіктері айтарлықтай. Мектебімізде өткен “**Күзгі балл-2022**” сайзында Бахитов Ералы мен Нұрлықанқызы Жұлдызай қатысып жүлделі бірінші орынды иленді. Сонымен қатар мектепшілік “**Көңілді тапқырлар алаңы**” өткізіліп, ол сайыстанда оза шауып бірінші орынды қанжығаларына байлады. Сонымен қатар “**Мен елімнің ертеңімін**” атты ән байқауында Жасұланқызы Аяжан, Серікқалиқызы Жангүл, Нұрлықанқызы Жұлдызай алғыс хатпен марапатталды.

Тек шығармашылық түрғыдан ғана емес, зияткерлік білім сайыстарынан аудан бойынша өз бақтарын сынады. Аудандық пәндік олимпиададан тарих пәні бойынша Бахитов Ералы жүлделі 1 орынды алды.

Жасұланқызы Аяжан алғыс хатпен марапатталды.



#### Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:

Тәрбие бағыттары	Отілген тәрбие сағаттарының саны
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5
Рухани – танымдық тәрбие	4
Ұлттық тәрбие	6

<b>Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>	7
<b>Отбасылық тәрбие</b>	1
<b>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</b>	4
<b>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие</b>	6
<b>Зияткерлік және ақпараттық мәдениет тәрбиесі</b>	3

Тәрбие бағыттары бойынша барлық сынып сағаттары өткізілді.

### Ата-аналармен жұмыс

Жыл басынан бері 4 рет ата-аналар жиналышы өткізілді. Ата-аналар да өз белсенділіктерін танытып, қалмай қатысып келеді, балаларының тәрбиелік ерекшеліктерімен таныс деп айта алымын. Ата-аналар ішінде де мектеп жұмыстарына ерекше белсенділік танытатын ата-аналар да біршама.



Mазмұны	Мерзімі
<b>1</b> 1-отырыс: “Отбасы-шағын мемлекет”	Қыркүйек
<b>2</b> “Отбасы адам баласының алтын діңгегі”	Желтоқсан
<b>3</b> “Балаға тәрбие беруде әкенің орны”	Наурыз
<b>4</b> “Тәрбиенің ең тамаша мектебі -отбасы”	Мамыр

Сынып жетекші: Ә.М.Бақытова